

№182 орта мектеп

Қызылорда облысының білім басқармасының «Қазалы ауданы бойынша білім бөлімінің «№182 орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы №3 Педагогикалық кеңес
Хаттамасы

Басықара ауылы

Қаңтар 2024 жыл

05.01.2024 жылы №182 орта мектепте өткізілетін

№3 педагогикалық

кеңестін

Күн тәртібі:

1. 2023-2024 оқу жылының II оқу тоқсанындағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы.
2. I жартыжылдық бойынша әкімшілік бақылау жұмыстары, БЖБ, ТЖБ нәтижелері бойынша білім беру үдерісінің мониторингі.
3. Мектепшілік бақылаудың қорытындысы.
4. Үйден жеке оқыту бағдарламасының жүзеге асуы.
5. 4 – 9 сыныптардың ББЖМ-ға дайындығы туралы.
6. ПИЗА қорытындысы, 2023 жыл бойынша білім көрсеткішінің мониторингінің талдануы.
7. 2024 жылғы мектептің аттестатталуына дайындық барысы.

Хабарламашылар: Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары-Т.Нұрмаханов.

8. Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс барысы.
9. Қамқоршылық кеңес жұмысына талдау жасау.

*Хабарламашы: Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары-
Ж.Нурмағанбетова.*

10. Тұлғаның креативті құзырлығының дамуы.
11. Арнайы бағдарламамен оқитын білім алушылармен жүргізіліген жұмыстар туралы

*Хабарламашы: Мектеп психологы – С.Айгабыл, арнайы маман-дефектолог –
Ж.Жүніс.*

12. Ағымдағы мәселелер.

Хабарламашы: Мектеп директоры – Г.Бақытбергенов.

Уақыты: 10.00 – химия кабинеті.

Күн тәртібі бойынша «2023-2024 оқу жылының II оқу тоқсанындағы оқушылар үлгерімі мен білім сапасының талдауы, I жартыжылдық бойынша әкімшілік бақылау жұмыстары, БЖБ, ТЖБ нәтижелері бойынша білім беру үдерісінің мониторингі, мектепшілік бақылаудың қорытындысы, үйден жеке оқыту бағдарламасының жүзеге асуы, 4 – 9 сыныптардың ББЖМ-ға дайындығы туралы, ПИЗА қорытындысы, 2023 жыл бойынша білім көрсеткішінің мониторингінің талдануы, 2024 жылғы мектептің аттестатталуына дайындық барысы» мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмаханов хабарлама жасады.

	1а	1б	2	3	4
Оқушы саны	17/10	17/8	11/4	18/10	27/19
Үздіктер			3/3	7/4	10/8
Екпінділер			6/1	7/4	7/6
Білім сапасы(%)			81	77	63
Динамика (+,-)			6	5	

	5а	5б	6	7	8	9а	9б
Оқушы саны	16/6	15/7	18/8	25/11	18/8	16/7	15/9
Үздіктер	3/3	4/2	6/5	4/4	4/3	4/1	2/2
Екпінділер	6/2	7/3	7/3	9/4	6/4	6/4	7/5
Білім сапасы (%)	56	73	72	52	52	62	60
Динамика (+,-)	6	6	12				

	10	11
Оқушы саны	9/3	18/7
Үздіктер	2/2	3/2
Екпінділер	3/1	7/4
Білім сапасы	55	55
Динамика (+,-)	5	22

5а сыныбы өткен оқу тоқсанымен салыстырғанда білім сапасы 6% төмендеген.

Білім сапасы 60%-ға жетпейтін сыныптар – 5а, 7, 8, 10, 11

Білім сапасы 70%-дан жоғары сыныптар – 2, 3, 4, 5б, 6

Білім сапасы 100% болып тұрған пәндер бар. 10 сынып бойынша информатика, география; 5а,б сынып бойынша информатика; 9а,б сынып бойынша информатика; 6 сынып бойынша информатика; 7 сынып биология. (7,8,11)

Екінші оқу тоқсаны бойынша 240 оқушы. Оның ішінде қыздар - 116
Үздіктер – 52

Екпінділер – 78

II тоқсан бойынша мектептің білім сапасы 54,1%

II оқу тоқсаны бойынша барлық оқушылардан БЖБ және ТЖБ толық алынды, электронды журналға бағасы уақытылы қойылды.

II оқу тоқсаны бойынша үйден 4 оқушы білім алады. 1 сыныптан Қарабек Арсен, 5а сыныптан Нұртас Әміржан, 2 сыныптан Бақыт Әлихан, 11 сыныптан Жаксылық Эльвир. Барлық оқушылардың үй жайларына барып оқу бөлмесін және ата-аналарымен сабақ процесі туралы пікір алмасу болды. Оқу бөлмелері талапқа сай жабдықталған, пән мұғалімдеріне көңілдері толатынын жеткізді.

**Білім алушылардың білім жетістіктерінің мониторингі
(ББЖМ) 4,9 сыныптар бойынша дайындық кестесі (1-кесте)**

уақыты	пәні	Пән мұғалімдері	күндер				
			1 күн	2 күн	3 күн	4 күн	5 күн
15:30	Оқу сауаттылығы	Ағыбаева М		4			
15:30	Математикалық сауаттылық	Ағыбаева М			4		
15:30	Ғылыми жаратылыстану сауаттылығы	Ағыбаева М				4	
15:30	химия	Саду Ә	9а				
16:20	химия		9б				
15:30	Орыс тілі	Мусаева Г	9б				
16:20	Орыс тілі		9а				
15:30	Қазақ тілі	Баймағамбетова Ж		9а			
16:20	Қазақ тілі	Баймағамбетова Ж		9б			
15:30	Биология	Ақбамбет А		9б			
16:20	Биология	Ақбамбет А		9а			
15:30	Ағылшын	Алмабек М			9б		
16:20	Ағылшын	Алмабек М			9а		
15:30	Математикалық сауаттылық	Асанов Е			9а		
16:20	Математикалық сауаттылық	Абилова Ж			9б		
15:30	Физика	Балманова Г				9а	
16:20	Физика	Балманова Г				9б	
15:30	География	Аюбаева Ж				9б	
16:20	География	Әжімбет Ж				9а	

Жауапты тұлғалар:

I күн. Нұрмаханов Талант – оқу орынбасары;

II күн. Ағыбай Асылбек – бейінбік оқыту жөніндегі орынбасар;

III күн. Нурмағанбетова Жанар – тәрбие орынбасары;

IV күн. Бақытбергенев Гүлдаурен – мектеп директоры;

PISA-2022 халықаралық зерттеудің қорытындылары туралы.

1. **2023-2024 оқу жылының 29 қараша айында «Мектептерге арналған PISA-2023» зерттеуіне негізгі іріктелген №25 орта мекте және 266 мектеп-лицей қатысты, алмастыратын мектептер қатарында №24,95,216,225,259 мектептері болды.**
2. **2022-2023 оқу жылы 1-2 желтоқсан күндері 5 мектеп: № 165, №276, №238, № 70, № 249 «Мектептерге арналған PISA-2022» халықаралық зерттеулерге қатысты. Қатысқан оқушы саны-152**
3. **PISA-2022 халықаралық зерттеуіне қатысқан мектептер: №266,№170,№204, №88. Зерттеуге қатысқан оқушы саны:159**
4. **ICILS 2023 халықаралық зерттеуге №17, №259 мектептердің оқушылары қатысты**

PISA-2022 халықаралық зерттеудің қорытындыларына тоқталсақ, 2023 жылдың 5 желтоқсанында

Ағымдағы жылдың 5 желтоқсанында Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) PISA-2022 білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау бойынша халықаралық бағдарламасының нәтижелерін жариялады.

Қазақстан PISA зерттеуіне 2009 жылдан бастап қатысып келеді. Зерттеу үш жылда бір өтеді. Әр циклда үш бағыттың біріне басымдылық беріледі. PISA-2022 зерттеуінде математикалық сауаттылық негізгі бағыт болды. Бұл математикалық сауаттылық бойынша тапсырмалар тестілеудің басым бөлігін құрайтынын білдіреді. Математикалық сауаттылық соңғы рет он жыл бұрын PISA-2012 зерттеуінде негізгі бағыт болды. PISA зерттеуінің сегізінші циклы 2021 жылы өтуі керек еді, бірақ COVID-19 пандемиясына байланысты зерттеу 2022 жылға шегерілді.

PISA-2022 зерттеуінің нәтижелері

Қазақстанның PISA-2022 зерттеуі бойынша математикадан орташа балы – 425, оқу сауаттылығы бойынша - 386 және жаратылыстану бойынша - 423 балды құрады. ЭЫДҰ елдерінің математика сауаттылығы бойынша нәтижелері 15 балға, оқу сауаттылығы бойынша 10 балға төмендеп, жаратылыстану сауаттылығы бойынша өзгеріссіз қалды.

2018 жылмен салыстырғанда Қазақстан пандемия әсеріне қарамастан, өз деңгейін сақтап қалған санаулы елдердің қатарында. Осылайша PISA-2022 зерттеуі бойынша Қазақстанның математикалық және оқу сауаттылығы бойынша орташа балы 2018 жылғы деңгейде қалды, ал жаратылыстану сауаттылығы бойынша 26 балға жақсарды. Бұл қатысушы елдер арасындағы ең жоғары өсім болды.

Математика бойынша алдыңғы циклмен салыстырғанда ешқандай өзгерістер байқалмайды. Жаратылыстану бойынша сауаттылықтың 2-ші немесе одан жоғары деңгейіне қол жеткізген оқушылардың үлесінің артуы байқалады, ал оқу сауаттылығы бойынша 2018 жылғы көрсеткіш өзгеріссіз қалды.

PISA-2022 циклінің ерекшеліктері

Әрбір PISA циклы әр тоғыз жыл сайын бір бағытты мұқият талдауға және динамикасын анықтауға мүмкіндік беретін, тестілеу уақытының көп бөлігі берілген бір «негізгі бағытқа» негіздеген. **2022 жылы зерттеудің негізгі бағыты математикалық сауаттылық болды және негізгі үш бағытқа қосымша «креативті ойлау» инновациялық бағыты бағаланды.**

Келесі PISA-2025 циклінде негізгі бағыт жаратылыстану сауаттылығы болады. PISA-2025 циклінде дайындық жұмыстары 2024 жылы басталады.

Мектептер бойынша 2023 жыл бойынша қорытынды мониторингі туралы мәлімет

P/c	Мектебі	2023 I жж	2023 II жж	Балл	Орын
1	№249	336	500	836	I орын
2	№226	154	258	412	II орын
3	№266	176	183	359	III орын
4	№70	100	199	299	IV орын
5	№94	108	151	259	V орын
6	№24	78	178	256	VI орын
7	№165	103	150	253	VII орын
8	№234	144	103	247	VIII орын
9	№16	112	117	229	IX орын
10	№204	92	133	225	X орын
11	№95	99	125	224	11
12	№25	79	135	214	12
13	№225	74	139	213	13
14	№170	73	133	206	14
15	№102	64	129	193	15
16	№92	107	83	190	16
17	№216	88	99	187	17
18	№276	99	85	184	18
19	№17	63	120	183	19
20	№91	95	75	170	20

21	№88	60	82	142	21
22	№90	72	52	124	22
23	№104	61	45	106	23
24	№93	45	59	104	24
25	№182	62	42	104	25
26	№97	59	42	101	26
27	№103	42	51	93	27
28	№96	45	41	86	28
29	№190	36	47	83	29
30	№100	37	43	80	30
31	№238	29	26	55	31
32	№78	26	28	54	32
33	№134	30	20	50	33
34	№98	33	9	42	34
35	№258	12	21	33	35
36	№146	12	12	24	36
37	№259	3	6	9	37

Барлық пән мұғалімдері 2021-22, 2022-23, 2023-24 оқу жылдарындағы тақырыптарын түгелдеп шығу керек.

**Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына
қойылатын талаптар**

25. 1-4-сыныптарда "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етіледі. Оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: жылдық оқу жүктемесі 1-3-сыныптарда 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып мұғалімдері іске асырады.

26. "Жолда жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, іске асырады.

**Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына
қойылатын талаптар**

38. "Жол қозғалысы ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының жеке бетінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылады.

56. "Дене шынықтыру" білім беру саласы бойынша күтілетін нәтижелер.

"Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны 5-9-сыныптарда дене шынықтыру оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты 2-тарау. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білімнің мазмұнына қойылатын талаптар

50. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" оқу курсының мазмұны "Алғашқы әскери және технологиялық дайындық" оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушыларының оқытуымен іске асырылады. Өмір қауіпсіздігінің негіздерін оқыту сабақтары міндетті болып табылады және оқыту уақытында жүргізіледі.

Ұсыныс:

- Білім сапасы төмен сыныптардың сабақ процесіне (негізгі пәндеріне) мектепшілік бақылау жүргізуге. Оның ішінде 1 немесе 2 пәннен үштігі бар оқушылардың сабақтарын бақылау мақсатында;
- ББЖМ-ға дайындық барысында оқушылардың түгел қатысуын пән мұғалімдеріне және сол күнгі жауапты мектеп әкімшілігіндегі жауапты тұлғаға міндеттеуге;
- ББЖМ-ға дайындық кестесін 4,9 сыныптар үшін 1-кестеге сәйкес бекітуге;

Күн тәртібі бойынша «Оқушылар арасында құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс барысы, қамқоршылық кеңес жұмысына талдау жасау» тақырыбында мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нұрмағамбетова хабарлама жасады.

Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бойынша жұмыс барысы

Балаларды зорлық – зомбылықтан қорғау, суицидтің алдын алу және олардың құқықтары мен саламаттығын қамтамасыз ету жөніндегі 2023 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспары 2023 жылғы 31 тамыздағы № 748 қаулысы негізінде бекітіліп, жоспары жасалынды.

2023 – 2024 оқу жылының 26 қыркүйек күні 8-11 сыныптар арасында Аудандық білім бөлімі, Қазалы АПБ-нің, жастар денсаулығы өкілдерінің қатысуымен кәмелетке толмағандар арасында құқық бұзушылық және қылмыс, наша қорлықтың алдын алу, интернет қауіпсіздігі мен суицид, зорлық – зомбылық, ерте жүктіліктің алдын алу бағытында ақпараттық – танымдық біліммен қамтамасыз ету мақсатында түсіндіру шаралары жүргізілді. Шараға

Қазалы ауданы полиция бөлімінің Ювеналды полиция тобының аға инспекторы, полиция майоры Бегалиева Махаббат Төлепбергенқызы қатысты.

2023 – 2024 оқу жылының 27 қыркүйек күні 5-11 сынып ата-аналары арасында **«Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықты болдырмау және оның алдын алу»** тақырыбында ата – аналарға түсіндірме жұмыстары жасалды.

23 қазан күні **«Нашақорлыққа жол жоқ!»** Мектеп Парламентінің «Спорт және салауатты өмір» фракциясы **«Есірткісіз өмір ғажайып»** тақырыбында сурет салды. Облыстан Мейрімжан Зере жүлделі ІІІ орын, сыйлығымен алды.

Ай сайын мектебімізде құқық бұзушылыққа байланысты 5 – 11 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстары жүргізіледі.

«Қазалы ауданы білім бөлімі» КММ аудандық прокуратура, полиция мен білім бөлімінің өкілдерінің қатысуымен білім беру ұйымдарында нашақорлықтың алдын алу профилактикалық шараларын ұйымдастыру, ақпараттық – танымдық біліммен қамтамасыз ету шаралары жүргізілді. Соған орай мектебімізде құқықтық түсіндіру шаралары жүргізіліп, арнайы бейнероликтер көрсетілді.

2023 жылдың 19 қазан күні мектебімізде **«Қызғалдақ»** қыздар ұйымының жиналысы болды. Жиналыс **«Қызға қырық үйден тыю»** тақырып бойынша өтіп, қазіргі таңда жасөспірімдер арасында белең алып жатқан келеңсіз оқиғалар, әлімжеттілік пен бұзақылық, ерте жүктілік пен зорлық – зомбылық туралы және түнгі мезгілде көшеде жүрмеу, мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтау, мектеп формасын сақтау мәселелері бойынша айтылды.

1 қараша күні 10 сынып оқушыларымен **«Сунцид – қоғамдағы ірі проблемалардың бірі...»** тақырыбында оқушыларға түсіндірме жұмысын өткізді.

Ата – аналарды педагогикалық қолдау орталығының бағдарламасын іске асыру

бойынша 1 қараша күні 1-4 сынып ата – аналарымен алғашқы сабақ **«Отбасы – бақыт бесігі»** тақырыбында тренинг – сабақ өтті. Сабақ барысында мектебіміздегі арнайы маман Жүніс Жәния **«Оқу мен жазу бұзылыстары бар және есте сақтауы, қабылдауы төмен оқушылармен жүргізілетін тиімді әдіс - тәсілдер»** тақырыбында ата – аналарға түсіндірме жұмысы мен тренинг өткізді. Сабаққа ата – аналар өте риза болып, қызығушылықтарын танытты.

2 қараша күні 5-9 сыныптар ата – аналары арасында **«Баланың бас ұстазы – ата - ана»** тақырыбында тренинг – сабақ өтті. 5 – 9 сынып жетекшілері ата – аналармен алғашқы сабақты жаңа форматта өткізді. Ата – аналар ризашылығын білдірді.

Сонымен бірге 10-11 сынып ата – аналарымен бірге **«Боламын деген баланың бетін қақпа, белін бу...»** тақырыбында сабақ өтті. Сынып жетекшілері ата – аналармен психологиялық ахуалды жақсарту мақсатында қызықты **«Сәлемдесу», «Ашулы шар», «Мені көзімнен тап», «Жүрек жылуы»** ойын – жаттығуларын өткізді.

14 – 15 қараша күндері **«Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ»** Республикалық ақпараттық науқан аясында педагог-психолог Айғабыл

Сәнімкүл 5-10 сыныптар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, сауалнамалар алды.

«Мен зорлық – зомбылыққа қарсымын» тақырыбында 6 сынып оқушыларымен Ахметова Мархаббат ашық тәрбие сағатын өткізді.

20 қараша – Дүниежүзілік балаларды қорғау күніне орай 9а, 9 б сынып жетекшілері Алдажаров Бақытжан мен Баймағанбетова Жанар «Буллинг және кибербуллинг, Лудомания» тақырыптарында түсіндірме жұмысын жүргізді және сонымен қатар жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларының алдын алу, сынып ұжымын сыйластыққа, бір – біріне қолдау көрсете білуге байланысты толық түсіндірме жұмысы жасалды.

23 қараша күні 8-11 сынып қыздар арасында «Ерте жүктіліктің алдын алу, әлеуметтік желілер, түрлі алданулар» тақырыбында қыздар жиналысы болды. Қыздар арасында болып жатқан келеңсіз оқиғалардың алдын алу және ерте жүктілік, оның денсаулыққа қаншалықты зияндылығы жөнінде айтылды. Қыздар жиналысына сынып жетекшілері қатыстырылды.

20 – 24 қараша күндері «Өз құқығыңды білесің бе?» апталық аясында 5-11 сыныптар арасында сынып сағаттары өткізілді.

Мақсаты: өз құқықтарының білуі, балаларды зорлық – зомбылық пен қатігездік құрбаны болмаудың алдын алу.

2023 жылдың 5 желтоқсан күні 8-11 сынып оқушыларына құқықтық тәрбиенің өмірлік қажеттілігін түсіндіріп, құқықтық тәрбиенің қоғамда маңызы зор екендігін ұғындырып, құқықтық сауаттылығын арттыру мақсатында «Құқықбұзушылық және заңды жауапкершілік» және кибербуллинг, буллинг тақырыптарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді. Сонымен бірге педагог – психолог Айғабыл С оқушылардың құмар ойындарының адам психикасына зиянды әсері туралы түсініктерін кеңейту мақсатында «Лудомания – адамзаттың індеті» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізсе мектеп медбикесі Сансызбаева Н «Наша қорлыққа жол жоқ» тақырыбында есірткі заттарының адам ағзасына, өміріне аса қауіптілігін ұғындыра отырып, саналы да салауатты өмір сүруге шақырды.

Діни экстремизмнің алдын алу бойынша 29 қараша күні жоғары сынып оқушыларының қатысуымен Қазалы ауданының ішкі саясат бөлімінің дінтанушы мамандары Жарылқасын Дәулетсейіт және Кеңес Әнуармен кездесу ұйымдастырылды.. кездесу барысында дінтанушы – теолог ислам діні және қазіргі қоғамдағы дін мәселелері туралы сөз қозғады. Оқушыларымыз өздерінің көкейінде жүрген сұрақтарын қоя отырып, тұшымды жауаптарын ала алды.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» қараша айындағы жоспарыны сәйкес сынып жетекшілер мен мектеп парламенті және «Жасұлан» ұйымының ұйымдастыруымен 5-7 сыныптар арасында «Біз темекі шегуге қарсымыз» тақырыбында спорттық сайыс өткізілді. Сайыс соңында жақсы нәтиже көрсеткен сыныптарды мектеп әкімшілігінің Алғыс хатымен марапатталды.

2023 жылдың 27 – 28 желтоқсан күндері 1-4 сыныптар мен және 5-11 сыныптарға ата- аналар жиналысы өткізілді. Жиналыс барысында II оқу тоқсанының қорытындысы, оқушылар арасындағы құқықбұзушылықтың алдын алу, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, каникул күндеріндегі су, мұз, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету, мереке күндерінде пиротехникалық құралдарды қолдануға тыйым салу және кәмелетке толмағандардың түнгі беймезгіл уақытта заңды

өкілісіз жүру, нашақорлық, буллинг, зорлық – зомбылықтың алдын алу мәселелері айтылды.

Қамқоршылық кеңес

№ 182 орта мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша Аудандық білім бөлімінің 13.09.2023 жыл № 128 – ұқ бұйрығына сәйкес қамқоршылық кеңес құрамына өзгертулер енгізілді. Қамқоршылық кеңес құрамы 17 адамнан, 1 төраға қалғаны мүшелері.

Қазалы ауданы Басықара ауылы № 182 орта мектеп бойынша білім беру ұйымдарындағы қамқоршылық кеңестің құрамы туралы ақпарат

№	Тегі, аты, әкесінің аты	Туған күні, айы, жылы	ЖСН	Қамқоршылық кеңеске ұсынылу тәртібі	Мекен-жайы	Байланыс телефоны
Басықара ауылы № 182 орта мектеп бойынша						
1	Қапжанов Бейбіт	06.10.1976	771006301815	Төрағасы	Басықара ауылы Мусабаев № 6	87012486362
2	Байділдаев Ерлан	05.07.1983	830705300085	Ауыл учаскелік полиция инспекторы	Ш. Нұрхожаев № 11	87753456305
3	Майбала Майра	06.09.1976.	760906401691	Ауыл әкімшілігінің бас маманы	Ш. Нұрхожаев № 5	87781773876
4	Сейтекенов Шәкірат	14.01.1953	530114300644	Ауыл Ақсақалдар кеңесінің төрағасы	Ш. Нұрхожаев № 15	87016051220
5	Мектепбергенова Рысқұл	27.11.1973	731127401783	Кәсіпкер	Абай 22	87029099773
6	Байдуллаева Гүлнар	05.09.1981	810905400858	Ата-ана	Ш. Нұрхожаев № 9	87058886245
7	Мырзатаев Әли	25.04.1961	610425302143	Ауылдық клуб қызметкері	К. Есенов № 18	87058247361
8	Құрманалиева Жанар	05.03.1980	800305402979	Балабақша тәрбиешісі	Мусабаев № 30	87784781601
9	Молдахметова Салтанат	26.02.1985	850226402682	Медбике	К. Есенов № 22	87782459504
10	Іскендір Айтолыын	15.05.1988	880515401680	Ата-ана	Ш. Нұрхожаев	87025698886

					№ 13	
11	Сақтағанова Мира	06.05.1983	830506400753	Ата-ана	Амангелді № 4	87021350970
12	Ермаханова Мира	28.05.1979	790528401901	Ата-ана	Абай № 19	87762170303
13	Бағыбергенов Ерік	09.07.1977	770709302961	Ата-ана	Қ. Әжімұрато ва 6	87028958425
14	Әлібеков Болатбек	19.06.1976	760619300121	Ата-ана	М. Өуезов № 5	87783720362
15	Алдажар Нұрбол	31.10.1984	841031300521	Ата-ана	М. Өуезов № 7	87028705521
16	Рахметалиева Зина	24.03.1982	820324401601	Ата-ана	М. Өуезов № 12	87011685675
17	Күзембай Гүлнар	11.05.1988	880511402062	Хатшы	Т. Мусабаев № 32	87714316830

Күн тәртібі бойынша «Тұлғаның креативті құзырлығының дамуы, арнайы бағдарламамен оқитын білім алушылармен жүргізіліген жұмыстар туралы»
Мектеп психологы – С.Айғабыл мен арнайы маман-дефектолог – Ж.Жүніс хабарлама жасады.

№182 орта мектеп 2023-2024 оқу жылындағы үйден оқитын оқушылар туралы хабарлама

Үйден оқитын 4 оқушы бар.

1. Қарабек Арсенді «Дәрігерлік консультациялық комиссияның қорытындысы» №026 е нысанды анықтамасында 11 тамыз 2023 жылғы №357 тіркеу нөміріне сәйкес самотикалық сырқат түрін негізге ала отырып ,үйден оқуға шығарды. ПМПК (психологиялық медициналық педагогикалық консультациясы) жалпы білім беру бағдарламасымен оқытуға қорытынды берді. Қорытынды мерзімі 31.05.2024 жылға дейін жарамды. 2023 жылдың 27 тамыз күні ата-ана өтінішіне сәйкес 1 сынып оқушысы Қарабек Арсенді 2023 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап үйден оқытуға құжаттары қабылданып ,бұйрық шығарылды.

2.Бақыт Алиханды «Дәрігерлік консультациялық комиссияның қорытындысы» №026 е нысанды анықтамасында 25 тамыз 2023 жылғы №442 тіркеу номеріне сәйкес тірек кимыл аппаратының бұзылысы, сөйлеу тілінің 2-ші деңгейлі бұзылысын негізге ала отырып үйден оқуға шығарды. ПМПК (психологиялық медициналық педагогикалық консультациясы)арнайы бағдарлама бойынша оқыту және арнайы психологиялық –педагогикалық қолдауды жүзеге асыруға қорытынды берді. Қорытынды мерзімі 31.05.2024 жылға дейін жарамды. 2023 жылдың 23 тамыз күні ата- анасының өтінішіне

сәйкес 2 сыныпқа 2023 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап Бақыт Алихан үйден оқытуға құжаттары қабылданып ,бұйрық шығарылды.

3. Нұртас Әміржанға «Дәрігерлік консультациялық комиссияның қорытындысы» №026 е нысанды анықтамасында 1 қыркүйек 2023 жылғы №464 тіркеу нөміріне сәйкес тірек қимыл аппаратының бұзылысы, көру қабілітінің бұзылысы, (нашар көретіні), жалпы сөйлеу тілі дамуының 3 деңгейлі бұзылысын негізге ала отырып үйден оқуға шығарды.ПМПК \психологиялық медициналық педагогикалық консультациясы арнайы білім беру бағдарламасымен оқытуға және педагогикалық психологиялық қолдауды жүзеге асыруға қорытынды берді. Қорытынды мерзімі 31.05.2024 жылға дейін жарамды.

2023 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап ата- ана өтінішіне сәйкес 5 сынып оқушысы Нұртас Әміржанды үйден оқуға құжаттары қабылданып, бұйрық шығарылды.

4. Жақсылық Эльвираға «Дәрігерлік-консультациялық комиссияның қорытындысы» №026 е нысанды анықтамасында 23 тамыз 2023 жылғы №424 тіркеу номеріне сәйкес тірек қимыл аппаратының бұзылысы, көру қабілітінің бұзылысын негізге ала отырып үйден оқуға шығарды. Психологиялық медициналық педагогикалық консультациясы жалпы білім беру бағдарламасымен оқытуға және педагогикалық психологиялық қолдауды жүзеге асыруға қорытынды берді. Қорытынды мерзімі 31.05.2024 жылыға дейін жарамды.

2023 жылы 23 тамыз күні жазылған ата-ана өтінішіне сәйкес 11 сынып оқушысы Жақсылық Эльвира 2023 жылдың 1 қыркүйек айынан бастап үйден оқуға құжаттары қабылдыңып ,бұйрық шығарылды.

Аудандық оқушылар үйінде мектептің ерекше білім беруді қажет ететін денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушыларға 2023 жылдың 23 желтоқсан күні «Қуанышпен кел ,Жаңа жыл төріме !» атты жаңа жылдық ертеңгілік өткізілді. Бұл іс- шараға қатынаста 1 оқушы деп көрсетілуіне байланысты 5 сынып оқушысы Нұртас Әміржан қатыстырылды.

2023 жылдың 29 желтоқсан күні педагог – психолог Айғабыл Сәнімкүл, арнайы педагог Жүніс Жания , тәлімгер Ұлықпан Гүлнұр, сынып жетекшісі Асан Есбол үйден оқитын 4 оқушының үйлеріне барып жаңа жылдық сыйлығы тапсырылды. Нұртас Әміржан, Қарабек Арсен жаңа жылдық тақпақтарын айтты.

Үйден оқитын оқушыларға әр пән бойынша сабақ беретін мұғалімдер уақытылы сабақтары берілуде. Үйден оқитын оқушыларға педагог-психолог айына 2 реттен барып бақылау жүргізілді.

Арнайы бағдарламамен оқитын білім алушылармен жүргізілген жұмыстар. 2023-2024 жылғы тамыз айындағы арнайы мамандардың отырысында мақұлданған жылдық жоспарға сәйкес:

1. Кабинет диагностикалық және дидактикалық материалдармен толықтырылды.

2. Қыркүйек айында ПМПК мекемесінен қорытындымен 4 оқушы және ата-ана 15 оқушы. Барлығы 19 оқушы тізімге алынды.

Арнайы маманның сабағына алынған оқушылар тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Сыныбы	Оқушының ерекшелігі
ПМПК қорытындысы бойынша тіркеудегі оқушылар тізімі			
1	Бахыт Алихан	2 сынып	Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы
2	Қарабек Арсен	1 сынып	Соматикалық сырқат түрі
3	Нұртас Өміржан	5 «А» сыныбы	Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы Көру қабілетінің бұзылысы Сөйлеу тілінің жалпы дамымауының ІІІ – деңгейлі бұзылысы Психикалық дамуы тежелуі
4	Жақсылық Эльвира	11 сынып	Тірек-қимыл аппаратының бұзылысы

3. Оқушыларды бақылап, олардың деңгейіне қарай ППҚ қызметінің 7 формасы толтырылды. Арнайы маманның құқықтық-нормативтік құжаттары жинақталды, жұмыс кестесі жасалынды.

Дефектологтың жұмыс уақытының циклограммасы

2023-2024 оқу жылы

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
9.00-12.00	Оқушылармен жеке түзетедамыту сабақтары	Оқушылармен жеке түзетедамыту сабақтары	Оқушылармен жеке түзетедамыту сабақтары	Оқушылармен жеке түзетедамыту сабақтары	Оқушылармен жеке түзетедамыту сабақтары
12.00-13.00	Әдістемелік көмек	Әдістемелік көмек	Әдістемелік көмек	Әдістемелік көмек	Әдістемелік көмек
14.00-18.00	Оқушымен жеке түзетедамыту сабақтары	Оқушылармен жеке түзетедамыту сабақтары	Оқушылармен жеке түзетедамытусабактары	Оқушылармен жеке түзетедамыту сабақтары	Оқушылардың жеке түзетедамыту сабақтары

сабақтарға қатысу журналы, кеңестерді тіркеу журналы, сабақ кестесі жасалып, бекітілді.

4. 2 сынып оқушысы Бахыт Алиханмен дефектологтың түзете-дамыту сабағын 2 тоқсан аптасына 2 сағат сабақ өткіздім.. Сонымен қатар оқушының есте сақтау қабілетіне арналған жаттығуларды жүйелі түрде жасалды, қоршаған ортадағы заттармен құбылыстар танытылды. Қазіргі таңда айналадағы заттарды, түстерін пішіндерін жақсы біледі. Жалпы түзете дамыту жаттығулары бойынша және музыкалық ырғақты жаттығулар бойынша оқушының қол моторикасы дамытатын жаттығулар жасалуда. Келесі тақырып кеңістікте және жазықтықта бағдарлау, Алиханмен жүйелі түрде кеңістікті танытуға арналған жаттығулар мен тапсырмалар орындалып, оң, сол және жоғары, төмен деген ұғымдарды игердік. Психогимнастика тақырыбы бойынша Алиханның бет бұлшықеттеріне арналған жаттығулар алдағы уақытта әрі қарай жалғасын табады.

5. 11 сынып оқушысы Жақсылық Эльвираның тірек-қимыл аппаратының жұмысын жақсартуға арналған жаттығулар ұсынылып отырды. Ата-анасымен уақытылы байланыс жасалды.

5 «А» сынып оқушысы Нұртас Әміржанмен ұсақ қол моторикасын дамытуға арналған жаттығулар жүргізілді.

6. 1 сынып оқушысы Қарабек Арсенмен сөйлеу тілінің дағдылары тақырыбында жұмыстар жүргізілуде, сонымен қатар есте сақтау қабілетін дамытуға арналған, кеңістікте бағдарлау бойынша сабақтар жүргізілуде

7. Оқу жылының бірінші жарты жылдығын қорытындылай келе арнайы маманның түзету сабағын екінші жарты жылдықта 19 оқушы әрі қарай жалғастырады.

№3 Педагогикалық кеңес қаулы етеді:

1. 2023-2024 оқу жылының ІІ оқу тоқсанының қорытындысын басшылыққа ала отырып, жіберілген кемшіліктермен жұмыс жасалсын.
2. Білім сапасы төмен сыныптардың сабақ процесіне (негізгі пәндеріне) мектепшілік бақылау жүргізу мақсатында мектеп әкімшілігі сабақтарға кіріп, талдасын.
3. 1 немесе 2 пәннен үштігі бар оқушылардың сабақ үлгерімін көтеру мақсатында пән мұғалімдері қосымша сабақтар жүргізсін.
4. ББЖМ-ға дайындық барысында оқушылардың түгел қатысуын пән мұғалімдеріне және сол күнгі жауаптылық мектеп әкімшілігіндегі жауапты тұлғалардан сұралсын.
5. ББЖМ-ға дайындық кестесін 4,9 сыныптар үшін 1-кестеге сәйкес бекітуге;
6. Аудандық білім бөлімінің жасаған мониторингі нәтижесі қаперге алынып, мектеп рейтингін көтеру мақсатында жоспарлар жасалынып, жолға қойылсын.
7. "Өмір қауіпсіздігінің негіздері" курсының жүргізілуі мен күнделік кз толтырылуы мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмахановтан сұралсын.
8. Білім сапасы төмен сыныптардың сабақ процесіне (негізгі пәндеріне) мектепшілік бақылау жүргізу мақсатында оның ішінде 1 немесе 2 пәннен үштігі бар оқушылардың сабақтарын бақылау мақсатында мектеп әкімшілігі тарапынан сабақтарға ену ұйымдастырылсын. Қорытындысы келесі педагогикалық кеңесте хабарлама жасау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Т.Нұрмахановтан сұралсын.
9. ББЖМ-ға дайындық барысында оқушылардың түгел қатысуын пән мұғалімдеріне және сол күнгі жауапты мектеп әкімшілігіндегі жауапты тұлғаға міндеттеу қосымша кестеге сай жүргізілсін.ББЖМ-ға дайындық кестесін 4,9 сыныптар үшін 1-кестеге сәйкес бекітілсін.
- 10.Оқушылар арасындағы құқық бұзушылықтың, діни экстремизмнің алдын алу бойынша атқарылып жатқан жұмыстар жоспарға сай өз жалғасын тапсын.
11. Мектепте құрылған «Қамқоршылық кеңес» жұмысын жандандыру мақсатында жоспарға сай жұмыстар жүргізілсін. Ыстық амақты бақылауға байланысты қамқоршылық кеңес мүшелері комиссия құрамына енгізілсін.
- 12.Денсаулығына байланысты үйден оқитын оқушылардың динамикасын бақылау жұмыстары өз жалғасын тапсын. Бұл жұмыстардың жүргізілуі туралы мектеп психологы С.Айғабылдан сұралсын.
13. Арнайы маманның, дефектологтың тізіміндегі оқушылармен жүргізілетін сабақтары дефектолог циклограммасын сай жүруін бақылау мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Ж.Нурмағанбетоваға міндеттелсін.
- 14.Мектептегі «психологиялық ахуалды» қалыпты жағдайда ұстауға арналған жұмыстар жандандырылысын.

15. Инклюзивті білім беруге жататын оқушылармен арнайы жұмыстар және оқушылар арасындағы дискриминация болдырмау мақсатындағы жұмыстар барлық пән мұғалімдеріне міндеттелінсін.
16. Балаларға берілетін ыстық тамақтың жәй-күйі күнделікті бақылап, мектеп басшылығына хабарлап отыру мектептің әлеуметтік педагогы Р.Кемаловадан сұралсын.



Педагогикалық кеңестің төрағасы:

Г.Бақытбергенов

Педагогикалық кеңестің хатшысы:

Ж.Жүніс